



## Құрметті студент!

2017 жылы «Ауылшаруашылық ғылымдары - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080100	«Агрономия»	1. Биология (ботаника) 2. Топырақтану 3. Егіншілік 4. Өсімдік шаруашылығы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  1. Биология (ботаника)
  2. Топырақтану
  3. Егіншілік
  4. Өсімдік шаруашылығы
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
  - Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
  - Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

**Биология (ботаника)**

1. Жасуша қабықшасының атқаратын қызметі:

- A) Зат алмасу
- B) Тасымалдау
- C) Фотосинтез
- D) Ұрықтану
- E) Тыныс алу
- F) Көбею
- G) Тозаңдану

2. Өсімдік жасушасының негізгі ерекшеліктері:

- A) Рибосоманың болуы
- B) Митохондрияның болуы
- C) Вакуольдің қысымды реттеуі
- D) Целлюлозаның қорға жинақталуы
- E) Пластидтердің болуы

3. Өсімдік мүшелерінде қорғаныш қызметін атқаратын ұлпалар:

- A) Қыртыс
- B) Хлоренхима
- C) Эпидерма
- D) Перидерма
- E) Аэренхима
- F) Склерейдтер

4. Түзуші ұлпалардың өсімдік мүшелерінде орналасуы бойынша топтары:

- A) Хлоренхима
- B) Интеркалярлы
- C) Апикальді
- D) Эпидерма
- E) Кутикула

5. Тамыр тән:

- A) Плаундарға
- B) Ұсақ ағзаларға
- C) Вирустарға
- D) Саңырауқұлақтарға
- E) Жабық тұқымдыларға
- F) Ашық тұқымдыларға

6. Дихотомиялық бұтақтану түріне тән өсімдіктер:

- A) Астық
- B) Қарағай
- C) Күнбағыс
- D) Балдырлар
- E) Саңырауқұлақтар
- F) Плаундар

7. Жер асты тамырдың түр өзгерісіне тән өсімдіктер:

- A) Сәбіз
- B) Шалқан
- C) Бәйшешек
- D) Күнбағыс
- E) Қызылша

8. Тамырдың алғашқы анатомиялық құрылысына кіреді:

- A) Эпиблема
- B) Аэренхима
- C) Колленхима
- D) Склеренхима
- E) Орталық цилиндр
- F) Склереидтер
- G) Эпидермис

9. Тамырдың соңғы анатомиялық құрылысына кіреді:

- A) Тоз
- B) Колленхима
- C) Склереидтер
- D) Аэренхима
- E) Камбий
- F) Хлоренхима

10. Саңырауқұлақтардың жынысты көбею формалары:

- A) Изогамия
- B) Гүлдену
- C) Оогамия
- D) Конъюгация
- E) Амитоз

11. Жасыл балдырлардың өкілдері:

- A) Спирогира
- B) Носток
- C) Хламидомонада
- D) Порфира
- E) Улотрикс

12. Қыналардың морфологиялық типтері:

- A) Бұталы
- B) Қабыршақты
- C) Бүршікті
- D) Сағақсыз
- E) Гүлді
- F) Сағақты
- G) Масақты

13. Қырықбуындар класының өкілдері:

- A) Теңбіл қырықбуын
- B) Шөкпарбас қырықбуын
- C) Шаңжапырақты қырықбуын
- D) Сальвиния қырықбуыны
- E) Батпақ қырықбуыны
- F) Гүлді қырықбуын
- G) Селагинелла қырықбуыны

14. Тіршілік циклында спорофит сатысы басым споралы өсімдіктер:

- A) Раушан
- B) Маршанция
- C) Жасыл мүк
- D) Қызылша
- E) Қырықбуын
- F) Шаңжапырақ

15. Күрделі шатыр гүлшоғырлары тән өсімдіктер:

- A) Бәйшешек
- B) Сәбіз
- C) Тмин
- D) Құлқайыр
- E) Лалагүл
- F) Құртқашаш

16. Бұршаққап жемісіне тән өсімдіктер:

- A) Бәйшешек
- B) Арамсоюу
- C) Бөрі бқршақ
- D) Шырмауық
- E) Соя

17. Раушангүлділер тұқымдасының өкілдері:

- A) Құлпынай
- B) Жүгері
- C) Арпа
- D) Сұлы
- E) Қызылша
- F) Сәбіз

18. Экологиялық топ галофит өсімдіктер:

- A) Алмұрт
- B) Қарақат
- C) Таңқурай
- D) Меңдуана
- E) Кермек
- F) Жусан
- G) Сарсазан

19. Дәрілік өсімдіктер:

- A) Шырмауық
- B) Қызғалдақ
- C) Түймедақ
- D) Жусан
- E) Кермек
- F) Картоп

20. Жынысты көбею тән:

- A) Сапрофиттерге
- B) Саңырауқұлақтарға
- C) Плазмодийлерге
- D) Кілегейлілерге
- E) Вирустарға
- F) Бактерияларға

21. Көбею фазасында спорофит сатысы басым өсімдіктер:

- A) Қырықбуындар
- B) Саңырауқұлақтар
- C) Бактериялар
- D) Вирустар
- E) Балдырлар

22. Экологиялық топ галофит өсімдіктер:

- A) Қызанақ
- B) Қарбыз
- C) Сәлбен
- D) Мия
- E) Асқабақ
- F) Жусан
- G) Қауын

23. Тундра аймағының өсімдіктері:

- A) Сфагнум
- B) Сарғалдақ
- C) Балдыршөп
- D) Пияз
- E) Бәйшешек

24. Тундра аймағының өсімдіктері:

- A) Итмұрын
- B) Таңқурай
- C) Қоға
- D) Тары
- E) Емен
- F) Көктерек
- G) Түймедақ

25. Тундра аймағының өсімдіктері:

- A) Көкжидек
- B) Картоп
- C) Қызылша
- D) Қызанақ
- E) Шалқан
- F) Бәйтерек
- G) Үйеңкі

**Биология (ботаника)  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Топырақтану

1. Топырақтың даму кезеңінде:

- A) Тау жыныстарына тірі ағзалардың қоныстанады
- B) Топырақтың қатты бөлігінің көптеген белгілері болмайды
- C) Физикалық қасиеттері өзгеріп, топыраққа тән қасиеттер пайда болады
- D) Биогеохимиялық зат айналымы әлі қалыптаспаған болады
- E) Топырақтың құрамы, қасиеттері көп уақыт тұрақты болып қалыптасады
- F) Топырақ әлі қалыптаспаған, тек құралуына дайындықтар жүріп жатады
- G) Топырақ өзіне тән ерекшеліктерінің барлығын өз бойына қалыптастырады

2. Кебірлену үрдісі:

- A) Топырақтың дәнше-кесекті құрылым қалыптасуымен сипатталады
- B) Шайылымда су құбылымы бар аумақтарда қалыптасады
- C) Үдеріс нәтижесінде кебір және кебірленген топырақтар түзіледі
- D) Топырақ қабатында алмаспалы натрий иондарының шоғырлануы
- E) Топырақтың физикалық, химиялық және басқа қасиеттері нашар болады

3. Топырақтану ғылымы зерттейді:

- A) Топырақ түйіртпектілігін, егіншілікті
- B) Физикалық, химиялық қасиеттерін, жер кодексін
- C) Адамзат еңбегінің туындысы, жемісі ретінде
- D) Табиғи экологиялық жүйелерді
- E) Топырақтың құрылысын, құрамын, қасиеттерін, пайда болуымен дамуының заңдылықтарын
- F) Топырақтардың географиялық таралуын, қоршаған ортамен байланысын, табиғаттағы маңызын

4. Толық дамымаған (жетілмеген) кескін сипаттамасы:

- A) Көбіне таулы жерлерде болады
- B) Толық
- C) Су немесе жел эрозиясына әр дәрежеде шалдыққан, көп мүшелі
- D) Көміліп үстіне жаңа топырақ кескіні пайда болған
- E) Кескіннің қалыңдығы бірнеше сантиметр, генетикалық қабаттары түгел
- F) Тығыз кристальды-массивті жыныстарда қалыптасады

5. Топырақ кескіні құрылысы ерекшелігіне байланысты түрлері:

- A) Көп мүшелі кескін, полициклді, толық
- B) Аударылған, мозайкалы
- C) Негізгі кескін, толық дамымаған, кәдімгі
- D) Толық емес кескін, негізгі, орташа
- E) Қарапайым, толық дамымаған, кәдімгі, әлсіз жіктелген, бұзылған

6. Топырақтың атқаратын әлемдік қызметтері:

- A) Биосфералық процесстерді реттеуші, негізгі өндіріс құралы
- B) Табиғаттағы үлкен және кіші зат айналымының өзара жүруіне әсер етуші
- C) Шикізат қоры, химиялық қосылыс
- D) Табиғаттың туындысы
- E) Топырақ құнарлылығы, шикізат қоры

7. Топырақ түзілетін тау жыныстары:

- A) физикалық, биологиялық жыныс
- B) аналық жыныс
- C) аналық немесе топырақ түзуші жыныс
- D) биологиялық жыныс
- E) химиялық, физикалық жыныс

8. Үлкен геологиялық зат айналымы:

- A) Күн нұры радиациясының өзгерісімен өсімдік дамуының сәйкес құбылуы
- B) Жер қыртысының қабаттарға бөлінуі
- C) Қоршаған ортамен өсімдіктердің арасындағы заттар айналымы
- D) Қысқа уақытқа созылған
- E) Тірі немесе өлі бөлігінде заттардың өзгерістерімен жылжу құбылыстары

9. Топырақтың пайда болу кезеңдері:

- A) Топырақ құралуының даму кезеңі
- B) Үштік кезеңі
- C) Өсімдіктердің пайда болу кезеңі
- D) Девон кезеңі
- E) Перм кезеңі
- F) Төрттік кезеңі

10. Зат айналымының түрлері:

- A) Физикалық
- B) Биологиялық
- C) Үлкен және орташа
- D) Геологиялық
- E) Биохимиялық
- F) Биогеохимиялық

11. Призма тәріздес түйіртпек типінің жіктелуі:

- A) Плиткалы, пластинкалы, жапырақты
- B) Жұмыртқа, қабыршақты, ірі қабыршақты
- C) Ірі кесекті, кесекті, ұсақ кесекті, тақталы
- D) Ірі жаңғақты, жаңғақты, ұсақ жаңғақты
- E) Ірі бағаналы, ұсақ бағаналы
- F) Ірі бағана тәріздес, бағана тәріздес, ұсақ бағана тәріздес

12. Топырақтың анықтамасы:

- A) Бес фактордың өзара қарым-қатынасы әсерінен түзілген
- B) Шикізат қоры, минералға бай
- C) Қызметі алуан түрлі, күрделі құрамды, көп бөлімді ашық құрылымдық жүйе
- D) Өсімдіктер өсу ортасы өңдеуді қажет етеді
- E) Көп көлемде орнынан қозғап басқа жаққа ауыстыруға болады
- F) Тау жыныстарының бұзылу қабатының үстіне орналасқан, құнарлылығы бар
- G) Қатты, сұйық, газ және тірі бөліктерден құралған, шикізат қоры

13. Тарихи генетикалық жіктелудің авторлары:

- A) Я.Н. Афанасьев
- B) В.И. Вернадский
- C) В.Р. Вильямс
- D) И.П. Герасимов
- E) Б.Б. Польшов
- F) К.К. Гедрайц
- G) В.А. Ковда

14. Тығыздылық дәрежесіне қарай топырақ:

- A) Тығыздалған, қопсынды
- B) Ірі кесекті, тасты
- C) Кесекті, өте тығыздалған
- D) Қопсынды, бытыраңқы
- E) Тасты, бытыраңқы
- F) Өте тығыздалған
- G) Жаңғақты, кесекті

15. Топырақ құралуының алғашқы кезеңінде:

- A) Биологиялық өнім ұлғаяды
- B) Физикалық, физикалық-химиялық, химиялық процестер жүреді
- C) Биогеохимиялық зат айналымы қалыптасады
- D) Жоғары сатыдағы өсімдіктердің әрекетінің көлемі жоғарылайды
- E) Заттардың биологиялық айналымы қалыптасады

16. Қазбашаның қазылу қалыңдығы:

- A) 55-60 см
- B) 120-150 см
- C) 0-20 см
- D) 20-30 см
- E) 30-40 см

17. Іргелі топырақтану ғылымының дамыған салалары:

- A) Топырақ тарихы, экологиялық топырақтану
- B) Топырақ морфологиясы, топырақ минералогиясы
- C) Мелиорациялық топырақтану, орман шаруашылығының топырақтануы
- D) Топырақты қорғау, мелиорациялық топырақтану
- E) Орман шаруашылығы топырақтануы, топырақ құнарлылығы
- F) Топырақ физикасы, ауыл шаруашылық топырақтануы

18. Куб тәрізді түйіртпек типінің жіктелуі:

- A) Ұсақ призмалы, нәзік призмалы, қарындаш тәрізді
- B) Жұмыртқа, қабыршақты, ірі қабыршақты
- C) Ірі кесекті, кесекті, ұсақ кесекті, тақталы
- D) Ірі дәнді, дәнді, ұсақ дәнді, домалақты
- E) Ірі кесекті, кесекті, ұсақ кесекті, шаң тәрізді
- F) Ірі жаңғақты, жаңғақты, ұсақ жаңғақты

19. Кірме заттар:

- A) Капролиттер, гипс, кальций карбонаты, тау жыныстарының сынығы
- B) Жануарлардың сүйегі, көмірдің сынығы
- C) Қарашірінді қосылыстары, шынылар
- D) Темір, алюминий тотықтары
- E) Капролиттер, топырақтағы жануарлардың қазған індері, шіріген тамырлар
- F) Гипс, кальций карбонаты, тастар

20. Топырақтың морфологиялық белгілеріне:

- A) Жер бедері, өсімдік жамылғысы
- B) Жайласуы, гранулометриялық құрамы, өсімдік жамылғысы
- C) Топырақтың құрылысы, түсі, жайласуы, жер бедері
- D) Топырақтың құрылысы, топырақтың және оның қабаттарының қалыңдығы
- E) Жаңа жарандылар мен кірме заттар
- F) Жер бедері, топырақтың түсі, өсімдік жамылғысы, түйіртпектілігі
- G) Топырақтың түсі, түйіртпектілігі, жайласуы, гранулометриялық құрамы

21. В қабаты:

- A) Өтпелі қабат
- B) Иллювиальді қабаты
- C) A<sub>2</sub> қабаты
- D) Элювиальды қабаты
- E) Қарашірінді жиналу қабаты
- F) Шайылған заттар жиналу қабаты

22. Каолинит тобына кіретін минералдар қасиеттері:

- A) Сіңіру қабілеті 100г топырақта 80-120 м-экв
- B) Ылғалданғанда ісінеді, ал құрғағанда тығыздалынып жарылады
- C) Ылғалданғанда ісінбейді, өте майда бөлшектері шамалы
- D) Су өткізгіштігі жақсы
- E) Сіңіру қабілеті 100г топырақта 25 м-экв дейін

23. Гранулометриялық құрамы жеңіл топырақтар:

- A) Ауыр құмбалшық
- B) Жеңіл балшық
- C) Құм
- D) Ауыр балшық
- E) Орташа балшық
- F) Жеңіл құмбалшық
- G) Балшық

24. Топырақтың органикалық заттар көзі ретінде:

- A) Біріншілікті және екіншілікті минералдар
- B) Өсімдіктер және жәндіктер қалдықтары
- C) Біріншілікті минералдар
- D) Өсімдіктердің, жәндіктердің қалдықтары, минералдар
- E) Тірі ағзалар және олардың әрекетінің өнімдері
- F) Қарашірінді, жеңіл еритін тұздар
- G) Капролиттер, дендриттер, гипс

25. Топырақтың 0-100 см қабатындағы жоғары дәрежедегі қарашірінді қоры, т/га:
- A) 700-750
  - B) 500-550
  - C) 200-300
  - D) 200-250
  - E) 630-660
  - F) 660-700
  - G) 450-500

**Топырақтану  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Егіншілік

1. Қайтарым (қайтарма) заңы:

- A) Ғарыштық заң
- B) Егіншілік заңдары емес
- C) Мәдени заңға жатады
- D) В.Р. Вильмс берген болатын
- E) Э.Митчерлих ұсынған
- F) Алынған заттар мен энергия (қуат) топыраққа белгілі дәрежеде артығымен қайтарылуы тиіс
- G) Егіншілік заңы

2. Топырақтың су көтергіштік қабілеті байланысты:

- A) Орман алқаптарына
- B) Минерализацияға
- C) Капилляр күштеріне
- D) Тегіс болуына
- E) Топырақтың түсіне
- F) Қуыстылығына

3. Эрозияның келтіретін зияны:

- A) Ауылшаруашылық дақылдарының өнімі күрт төмендейді
- B) Топырақтың қоректік элементтерінің қоры азаяды
- C) Топырақтың түйірпектілігі артады
- D) Топырақтың сулы-физикалық қасиеттері жақсарады
- E) Топырақтың қоректік элементтері артады
- F) Топырақтың ылғалы артады
- G) Топырақтың құнарлығы артады

4. Арамшөптер зоохорно көмегімен тарайды:

- A) Тез
- B) Сумен
- C) Өзінен өзі
- D) Жәндіктермен
- E) Құспен
- F) Малмен
- G) Желмен

5. Арамшөптердің келтіретін зияндары:

- A) Арамшөптер ауыл шаруашылығының жұмыстарын жүргізуді жеңілдетеді
- B) Арамшөптердің тамырлары бөліп шығаратын улы заттар мәдени дақылдардың дамуына көмек береді
- C) Арамшөптермен күрес елеулі шығын шығаруды талап етпейді
- D) Арамшөптер алынатын өнімнің мөлшері мен сапасын төмендетеді
- E) Арамшөптер ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдерін тарату ортасы болып табылды
- F) Арамшөптер топырақтан көп мөлшерде ылғал алады

6. Үлкен бақажапырақ (жолжелкен) арамшөбінің латынша аты, өсіп даму мерзіміне қарай және басқа белгілері бойынша бөлінуі:

- A) *Taraxacum vulgare*
- B) Көп жылдық
- C) *Artemisia absinthium*
- D) *Plantago major*
- E) Атпатамырлылар

7. А.И. Мальцевтің шкаласы бойынша егістіктің ластануын шамалап немесе көзбен шолу арқылы анықтауда ластану деңгейінің сипаттамалары:

- A) Арамшөптер егістікте аз мөлшерде кездеседі және мәдени өсімдіктердің арасынан аса байқалмайды
- B) Арамшөптердің саны 50,1-100 - дана/м<sup>2</sup> дейін
- C) Арамшөптердің саны 5- дана/м<sup>2</sup> дейін
- D) Арамшөптердің саны 15,1-50 - дана/м<sup>2</sup> дейін
- E) Егістікте жекелеген арамшөптер кездеседі
- F) Арамшөптердің саны 5,1-15 - дана/м<sup>2</sup> дейін
- G) Арамшөптердің саны 100 - дана/м<sup>2</sup> ден артық

8. Күздік бидай үшін ең жақсы алғы егістер:

- A) Сүрлемдік жүгері
- B) Пардан кейінгі 3-ші бидай
- C) Пардан кейінгі 6-шы бидай
- D) Пардан кейінгі 4-ші бидай
- E) Пардан кейінгі 5-ші бидай
- F) Арпа



9. Әсер ету жері бойынша гербицидтерді жіктеу:

- A) Жер бетіне бүркіштер арқылы
- B) Ұшақ арқылы
- C) Жапырақты -жүйелі
- D) Жүйелі өсуін реттейтін типтік әсерсіз
- E) Топырақты
- F) Жүйелі өсуін реттейтін типтік әсерімен
- G) Жапырақты-контактты
- H) Тиген жеріне әсер ететін

10. Әсер ету сипаты бойынша гербицидтерді жіктеу:

- A) Жүйелі (жылжымалы) өсімдіктің тамырлары арқылы әсер ететін
- B) Ұшақ арқылы
- C) Тиген жеріне әсер ететін жанаспалы (контакттілі)
- D) Жер бетіне бүркіштер арқылы
- E) Аэрозольды генератор арқылы
- F) Жүйелі өсімдіктердің жапырағы арқылы әсер ететін
- G) Отамалы дақылдардың қатараралығын өңдеу арқылы
- H) Санау арқылы анықтау

11. Арамшөптермен күрестің ғылыми принциптері:

- A) Арамшөптің тұқым салуына, тұқымдануына жол бермеу
- B) Фитофаг жәндіктерді пайдалану
- C) Танаптардың ластануының картасын жасау
- D) Газ шілтері бар отты культиваторды пайдалану
- E) Санау арқылы анықтау
- F) Шамалап немесе көзбен шолу арқылы анықтау
- G) Тұқымдарының өнуіне жағдай жасап, онан әрі олардың көгін өңдеу мен құрту
- H) Фотосинтезді және қоректік заттардың жиналуын болдырмау арқылы жер асты органдарын (тамырларын, тамыр сабақтарын) күш жинатпай әлсірету

12. Екпе сүрі танаптарда өсірілетін дақылдардың талаптары:

- A) Өнім алуға дейінгі өсіп-даму кезеңі қысқа
- B) Тығыздау үшін керек
- C) Дренаждау үшін керек
- D) Азоттың өсімдіктерге сіңімді түрлерін жинамау
- E) Жедел өсетін және арамшөптердің өсуін тұқыртатын
- F) Суару үшін
- G) Көктемде мүмкіндігінше ерте себу үшін суыққа төзімді

13. Қант қызылшасы ауыспалы егісінде қолданатын дақылдар:
- A) Күріш
  - B) Мақта
  - C) Қант қызылшасы
  - D) Таза сүрі жер
  - E) Темекі
  - F) Күздік бидай
  - G) Тары
  - H) Жоңышқа
14. Мақта ауыспалы егісінде қолданатын дақылдар:
- A) Темекі
  - B) Тары
  - C) Мақта
  - D) Күріш
  - E) Жоңышқа
  - F) Жаздық бидай
  - G) Жүгері
  - H) Қарақұмық жер
15. Аралық дақылдардың қолдануына ең қолайлы облыстары:
- A) Ақмола
  - B) Жамбыл
  - C) Оңтүстік Қазақстан
  - D) Павлодар
  - E) Солтүстік Қазақстан
  - F) Алматы
  - G) Қостанай
  - H) Атырау
16. Топырақты эрозиядан қорғау үшін агротехникалық шаралардың өндіріске ұсынылған негізгілері:
- A) Жерге ін қалдыру
  - B) Топырақ бетінде аңыз сабақтар қалдырмау
  - C) Ауыл шаруашылығы дақылдары мен таза сүрі жер танаптарын жолақтап орналастыру
  - D) Танаптың беткі қабатын мүмкіндігінше аз ұсақтап, топырақ құрылымен сақтау
  - E) Плантаждап жырту
  - F) Топырақты үш қабаттап жырту
  - G) Топырақты фрезамен тығыздау
  - H) Топырақ бетінде өсімдік қалдықтарын сақтау

17. Пішіндеу жасалынады:

- A) Егіс жинар алдында маңызы өте зор
- B) Себілген немесе жыртылған жерлердің пішінін жақсарту үшін
- C) Пестицид шашу үшін
- D) Топырақ бетінің ойлы-қырлылығын, атжалдарын жою үшін
- E) Өсіп тұрған арамшөптерді жою үшін

18. Жер жыртудың техникасы:

- A) Айдамсыз
- B) Айдамды
- C) Тегістеу
- D) Жерді аудармай өндеу
- E) Қатар аралық өндеу
- F) Роторлы

19. Катоктар:

- A) КВГ-1,4
- B) ДГ-10П
- C) ККН -2,8
- D) БИГ-3
- E) БДТ-7

20. Өсімдік тіршілігі факторларының тепе-теңдігі және алмастыруға болмайтындығы туралы заңы:

- A) Э.Митчерлих ұсынған
- B) Өсімдік тіршілігі факторларының бірімен бүтін алмастыруға болмайды
- C) Ғарыштық заң
- D) 1942 жылы ұсынылған
- E) Өсімдік шаруашылығы заңдары
- F) Ю.Либиx деректері бойынша дәлелденген

21. Топырақты мелиорациялау әдістері:

- A) Топырақ тығыздау
- B) Топырақта көректік заттар азайту
- C) Гипстеу
- D) Топырақты дренаждау
- E) Суару

22. Топырақтың органикалық заттарының Д.Шредер бойынша орташа құрымы (құрылуы):
- A) Бактериялар мен актиномицеттер
  - B) Топырақ биотасы (флорасы мен фаунасы)
  - C) Топырақтың гранулометриялық құрамы
  - D) Алмасу катиондарының құрамы
  - E) Қоректік заттардың мөлшері
  - F) Топырақтың қоректік жүргісі
  - G) Қарашірінді
23. Топырақ қорғайтын ауыспалы егістерді қолдану шарттары:
- A) Сидераттар қолданған дұрыс
  - B) Аударын жырту керек
  - C) Жолақтарды басынқы жел бағытына көлденең орналастыру
  - D) Дақылдар мен таза сүрі жерді жолақтап егу
  - E) Ауыспалы егістер көлемінің жартысына жолақтап көп жылдық шөптер егу
24. Топырақты жолақтап жырту:
- A) Еңіске көлденең жырту
  - B) XX ғасырдың елуінші жылдары ғана болған
  - C) П.А. Костычев ұсынысы бойынша
  - D) Еңіске көлденең жолақтардың арасы 10-15 метр болу керек
  - E) Дөңес жерде орналақан танаптарда
25. Егіншіліктің экстенсивті жүйелері қолданылады:
- A) Жердің тыңаюына қалдырылуы екі жылға дейін азайғанда
  - B) Ағаштар шабылғанда
  - C) Ағаштар өртелінгенде
  - D) Ағаштардың түбірлері қопарылғанда
  - E) Сүрі жерлерді өңдеудің технологиясы жетілдіріле келе танапты бір жылда өңдеуге көшті
  - F) Жерді тыңайтуға 25-30 жылға қалдырғанда
  - G) 6-10 жылдан кейін жерді тыңайтуға тастап, жаңа игерілген тың жерге ауысып отырғанда

**Егіншілік  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Өсімдік шаруашылығы**

1. Бірінші, екінші және үшінші сыныпты кондициялық асбұршақ тұқымының тазалығы, %:  
A) 82  
B) 97  
C) 80  
D) 81  
E) 98
  
2. Дәні дақылдар үшін белгіленген бақылау бірлігі (массасы 600 ц):  
A) бидай  
B) еркекшөп  
C) кара бидай  
D) жүгері  
E) қарақұмық  
F) май бұршақ  
G) тары
  
3. Бірінші, екінші және үшінші сыныпты кондициялық тары тұқымының тазалығы, %:  
A) 95  
B) 99  
C) 98  
D) 89  
E) 87
  
4. Жер шарында барынша кең қолданысқа ие бидай түрлері:  
A) *triticum polonicum*  
B) *triticum compactum*  
C) карлик (ергежейлі) бидай  
D) қатты бидай  
E) спельта
  
5. Халық шаруашылығында жаздық қатты бидай астығының пайдалану бағыты:  
A) макарон өндірісінде  
B) жарма өндірісінде  
C) шарап өндірісінде  
D) биогаз өндірісінде  
E) құс шаруашылығында  
F) сыра өндірісінде

6. Арпаның негізгі пайдалану бағыттары:

- A) крахмал өндірісінде
- B) жақсы алғы дақыл
- C) мал азықтық дақыл
- D) топырақтың құнарлылығын арттырады
- E) сыра қайнату өндірісінде
- F) жармалық дақыл

7. Егістікте кең тараған сұлы түршелері:

- A) макулята
- B) монако
- C) хиненсис
- D) ауреа
- E) монголика

8. Жүгері будандарының жапырақтар саны:

- A) 4-6
- B) 32-40
- C) 60-65
- D) 1-3
- E) 70-75
- F) 20-30
- G) 8-15

9. Жаздық қатты бидайға тиімсіз алғы дақылдар:

- A) сүрлемдік жүгеріден кейін
- B) жасыл балауса өсірілген біржылдық шөптер қоспасынан кейін
- C) ылғалды жылдары – тыңайған жерлер қыртысы
- D) біржылдық астық тұқымдас шөптерден кейін
- E) тарыдан кейін
- F) кез келген жылдары – қатты бидайдан кейін

10. Қарақұмықтың қолданылатын себу тәсілдері:

- A) бір таспалы
- B) кең қатарлы (30,90 см)
- C) айқасқан (перекрестный)
- D) кең қатарлы (45,70 см)
- E) жаппай қатардағы
- F) тар қатарлы

11. Күздік бидайдың қоректік заттарды қажет ету мөлшеріне байланысты түрткі жайттар:

- A) тыңайтқыштың түріне
- B) топырақтағы ылғал мөлшеріне
- C) өсіру жағдайына
- D) сорттың ерекшелігіне
- E) себу мерзіміне
- F) өсімдіктің даму кезеңіне
- G) алғы дақылға

12. Ауа райы жағдайына байланысты күздік бидайды Алматы облысында себу мерзімі:

- A) қыркүйектің 4-7
- B) тамыздың 22-25
- C) қыркүйектің 21-24
- D) қыркүйектің 14-16
- E) қыркүйектің 17-20

13. Күздік бидай өсімдігінің түтікке шығу (сабақтану) кезеңінен бастап жүретін даму және өсу үдерістері:

- A) масақтың дамуы
- B) тозаңдық дәндердің пісуі аяқталады
- C) масақтың барлық мүшелерінің қалыптасуы
- D) сабағының шапшаң өсуі
- E) эндоспермнің қалыптасуы
- F) жапырақтардың негізгі массасының түзілуі аяқталады

14. Асбұршаққа жақсы алғы дақылдар:

- A) орамжапырақ
- B) тамыржемістілер
- C) қарақұмық
- D) күздік арпа
- E) ас бұршақ
- F) май бұршақ

15. Майбұршақтың себу мөлшері, кг/га:

- A) 90-110
- B) 40-50
- C) 35-39
- D) 130-140
- E) 120-125
- F) 55-60
- G) 65-80

16. Көптұқымды қант қызылшасы сорттарын себу мөлшері (га/кг):

- A) 1 – 31,3-31,5
- B) 1 – 30,1-31,1
- C) 1 – 50,7-51,1
- D) 1 – 31,6-32,0
- E) 1 – 20,1-20,6

17. Суармалы жерлерде алғы дақылдардан кейін қант қызылшасын себетін танаптарды суару мөлшері (гектарына м<sup>3</sup>):

- A) 750-800 м<sup>3</sup>
- B) 1000-1050 м<sup>3</sup>
- C) 1400-1450 м<sup>3</sup>
- D) 1120-1200 м<sup>3</sup>
- E) 1060-1100 м<sup>3</sup>

18. Қант қызылшасын әр мезгілде суару мөлшері:

- A) 600-650 м<sup>3</sup>/га
- B) 700-750 м<sup>3</sup>/га
- C) 400-450 м<sup>3</sup>/га
- D) 860-900 м<sup>3</sup>/га
- E) 800-850 м<sup>3</sup>/га

19. Картоп өсірудің өндірістік (индустриальная) технологиясының негізгі элементтеріне жатпайтындары:

- A) картоп плантациясын дұрыс орналастыру
- B) 5-6 репродукциялы сапалы тұқымдармен себу
- C) уақытында күтіп-баптау
- D) алдын ала қырқалар тілу
- E) тыңайтқыштардың жеткілікті мөлшерін енгізу
- F) топырақ өңдеудің дұрыс жүйесін жасау

20. Қарбыздың қолайлы себу мерзімі:

- A) топырақтың 6-10 см қабаты 12,0-12,5<sup>0</sup>С жылынған кезде
- B) топырақтың 16-20 см қабаты 26,0-26,5<sup>0</sup>С жылынған кезде
- C) топырақтың 4-5 см қабаты 32-35<sup>0</sup>С жылынған кезде
- D) топырақтың 6-10 см қабаты 22-25<sup>0</sup>С жылынған кезде
- E) топырақтың 11-12 см қабаты 12-15<sup>0</sup>С жылынған кезде
- F) топырақтың 6-10 см қабаты 13,0-13,5<sup>0</sup>С жылынған кезде



21. Күнбағыстың кондициялы тұқымдарын аурулар мен тұқым өңезіне қарсы 80 % ТМТД (2-3 кг/т) немесе 50 % фундазолмен (3 кг/т) дәрілеу мерзімі:

- A) себуден 19-20 тәулік бұрын
- B) себуден 1 ай бұрын
- C) себуден 1,5 ай бұрын
- D) себуден 7-8 тәулік бұрын
- E) себуден 15-16 тәулік бұрын
- F) себуден 25-26 тәулік бұрын
- G) себуден 5-6 тәулік бұрын

22. Мақсарыны себер алдындағы культивацияға дейін арамшөптерге қарсы қолданылатын топырақ гербицидтері:

- A) торфи (2,0-2,5 л/га)
- B) раундап (1-3 л/га)
- C) пума супер (4-10 л/га)
- D) раксил (2,0-2,5 л/га)
- E) трефлан (4-10 л/га)
- F) карате (6-11 л/га)
- G) фундазол (7-8 л/га)

23. Мақтаның жапырағын түсірудің (дефолиациялаудың) пайдасы:

- A) мақта (коза) көсектерінің пісуі жеделдейді
- B) гүлдеу үдерісі тоқтайды
- C) тамыры өсуін тоқтатады
- D) аязға дейінгі терім көбейеді
- E) фотосинтез үдерісі белсенді өтеді
- F) жалпы өнімі кемиді
- G) жапырақтары тез түседі

24. Жоңышқаның максималды тұқым өнімін жинауды қамтамасыз ететін себу әдісі:

- A) Кең қатарлы - 45-48 см
- B) Жаппай – 15 см
- C) Қатарлап – 15-18 см
- D) Таспалы
- E) Қатарлап – 22-24 см
- F) Қатарлап – 6-8 см
- G) Кең қатарлы - 50-55 см

25. Тұқымға өсірген судан шөбінің өсімдіктерін күзгі ерте түскен бозқырауға ұрындырмай бөлектеп жинап алу мерзімі:

- A) тұқымның ылғалдылығы 10-14% шамасында
- B) тұқымның ылғалдылығы 42-43% шамасында
- C) тұқымның ылғалдылығы 30-33% шамасында
- D) тұқымның ылғалдылығы 15-18% шамасында
- E) тұқымның ылғалдылығы 50-51% шамасында
- F) тұқымның ылғалдылығы 40-41% шамасында

**Өсімдік шаруашылығы  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**